

«Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің санаторлық және жалпы дамулық
типті «Золотой ключик» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны»

Оқу-әдістемелік кешен

«Салт-дәстүрің – салтанатың»

3-4 жастағы II кіші топтағы балаларға арналған
Вариативті компонент

Құрастырушылар:

Жусупбекова Анар
Мауленова Жұмабике Абдибековна
Сыздыкова Гулжихан Досымхановна

«Салт-дәстүрің – салтанатың»
Вариативті компонент

Түсініктеме

"Тәрбиеден мақсұт – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару", ал "...балаға білім бергенде жақыннан алысқа, таныстан жатқа көшіп жаңа білімді ескі білімге байлап беру керек".

Еліміздің болашағы - жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік - отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік-білім білім беру мекемесі. Сондықтан да қазіргі заманға сай халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын қымбат қазына ретінде бағалап, балабақшадағы тәрбие жұмысын кеңінен ұйымдастыра білуіміз керек. Адам баласы дүниеге келгеннен бастап, үнемі салт-дәстүр аясында өседі. Бала тәрбиесінде халықтың, тұрмыстық салт-дәстүрлердің туу себептерін, даму ерекшеліктерін ашып көрсетудің тәрбиелік мәні зор. Жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде өз халқымыздың педагогикалық аса бай мұраларын ұрпаққа беруде алатын орны ерекше. Балабақшадан бастап халқымыздың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, ұлттық тәрбие ерекшеліктерін терең білуге, құрметтеуге үйрету – міндеттіміз.

«Үлкеннің алдын кеспе, бос шелекпен өтпе» деп баланы үлкендерді сыйлауға, жол беруге тәрбиелеген. Балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда дидактикалық ойындарды, ұлттық ойындарды пайдаланудың маңызы зор. Сол себепті, халық педагогикасында жас балдырғандарды ұлттық әдеп- ғұрып, салт-дәстүрмен таныстыра отырып, оларды адалдыққа, еңбекті сүйеге, достыққа, қайырымдылық пен мейірімділікке тәрбиелейді.

«Әлеуметтік білім беру» білім беру саласы балалардың коммуникативтік-танымдық қабілеттерін, дағдыларын қалыптастыруға, қоршаған ортаға қызығушылығын, шығармашылық қиялдауын, интеллектуалдық мәдениетін, табиғаттың тірі нысандарына эмпатия сезімін дамытуға бағытталған.

«Салт–дәстүрің-салтанатың!» күнтізбелік жоспары «Халық педагогикасы» негізінде құрастырылған.

Негізгі тақырыптың өзектілігі:

Мектеп жасына дейінгі балаларға этнопедагогика, халық педагогикасы құралдары арқылы ұлттық тәрбие берудің мазмұнын эксперименттік түрде тексеру оның барлық кезеңдерінде нәтижелі екендігін дәлелдеп берді.

Тәжірибелік—эксперименттік жұмыс барысындағы мектеп жасына дейінгі балаларға халық педагогикасы құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру бағдарламасы

Негізгі тақырыптың бөлімдері.

1. Бөлім: «Салт-дәстүр»

Мақсаты:

Балаларға қазақтың ұлттық салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы туралы түсінік беру.

Міндеттері:

Ата-бабаларымыздың тәрбиелі өнегесін құрмет тұтуға тәрбиелеу.

Имандылық, инабаттылық, адамгершілік қасиеттерін дамыту.

Ұлттық сезімдерін ояту.

2. Бөлім: «Тәрбие бастауы»

Мақсаты:

Төлдер айтысы, ертегі, дауыс ырғағы, сөздер арқылы тапқыр сөйлеуге, өз ойларын жаңылмай, мазмұндап жеткізе білуге үйрету.

Міндеттері:

Ұлттық қасиеттерін ояту, дана сөздердің мәнін, қасиетін ұғындыру.

Елжандылық сезімдерін ояту, қиялдарын, тілдерін ұштау, ой-санасын, танымдық қасиеттерін дамыту.

3. Бөлім: «Ұлттық киімдер»

Мақсаты:

Балаларды қазақ ұлттық киімдерімен таныстыру.

Міндеттері:

Ұлттық киімдердің ерекшелік мәнін түсіндіру.

Эстетикалық талғамдарын арттыру, әсемділікке баулу.

Дәстүрлі киімдердің қасиетін бағалай білуге үйрету.

4. Бөлім: «Ұлттық бұйымдар»

Мақсаты:

Бала

ларды қвзвқ ұлттық бұйымдарымен таныстыру.

Міндеттері:

Ата-бабаларымыздың көзі, мұраты болып қалған бұйымдар, оларды қолдану тәсілі туралы түсінік беру.

Салт-дәстүрге деген жағымды көзқарастарын дамыту.

Эстетикалық талғамдарын, адамгершілік қасиеттерін жетілдіру.

5. Бөлім: «Ұлттық қолөнер»

Мақсаты:

Балаларға қазақ халқы рухани мәдениетінің бір бөлігі – ұлттық қолөнер түрлерімен таныстыру.

Міндеттері:

Ұлттық өнерге баулу, көркем шығармашылық қасиеттерін жетілдіру.

Қолөнер туындыларына деген қызығушылықтарын арттыру.
Эстетикалық талғамдарын дамыту.

6 . Бөлім: «Ұлттық ойындар»

Мақсаты:

Ұлттық ойындар – ата-бабамыздан келе жатқан рухани қазына екені туралы түсінік беру.

Міндеттері:

Ойындардың өзара ерекшеліктерін ажырата білулерін үйрету.

Рухани сезімдерін арттыру, өзін қоршаған дүние туралы түсініктерін молайту, шығармашылық қасиеттерін арттыру.

Ойын арқылы өзара қарымқатынастарын нығайту.

Қорытынды

Мектепке дейінгі ұйымда мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ этнопедагогикасы негізінде ұлттық тәрбие берудің жай-күйін талдау зерттеліп отырған мәселенің көкейкестілігін айқындап берді. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарымыздан ажырап қалмас үшін балабақшадан бастап қазақ халқының ұлттық дүниетанымын, сана-сезімін, мінез-құлқын балалардың бойына сіңіру мәселесінің педагогика ғылымында қажеттілігі артып отырғандығын дәлелдеді. Мектеп жасына дейінгі балаларға этнопедагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру балабақшада оқу-тәрбие процесін оқу іс-әрекеттері мен тәрбие жұмыстарының мазмұнын жетілдіру қажеттігін дәлелдейді. Тәжірибелік-экспериментальдық жұмыс нәтижелері этнопедагогика құралдары арқылы ұлттық тәрбие беру жүйесінің тиімді екенін көрсетті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Асарбаева А. Ұлттық ойындар — халық педагогикасының құрамдас бөлігі. // Ұлт тағылымы. 2002ж. №2.
2. Әбдіқадырова Г. Халықтық педагогиканың мәні зор. //Қазақстан мектебі. 2003ж., №8.
3. Сауранбаева Н. "Ұлттық әдет-ғұрыптар туралы". -Алматы, 1968ж.
4. Ұзақбаева С. "Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрлері". —Алматы: "Білім", 1990ж.
5. Бала тәрбиесінде халықтық педагогиканың алатын орны [26 бет]

Вариативтік компонент
II кіші тобының балаларына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің
күнтізбелік жоспары

№	Тақырыбы:	Мақсаты:	саны	күні
1	«Кел, салт-дәстүрді үйренейік!» «Салт-дәстүр»	Балаларды қазақ халқының салт – дәстүрлері мен әдет – ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыру, баланың бойына адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, халық өнегесін үйрету.	1	
2	«Сәлем-сөздің анасы!» «Тәрбие бастауы»	Халқымыздың салт дәстүріндегі сәлемдесу мәдениетіне, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу. Әр халықтың амандасу, қоштасу рәсімдеріне қалыптастыру.	1	
3	«Атамның тақиясы» «Ұлттық киімдер»	Қазақтың ұлттық бас киімітақияны ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрену. Ұлттық сәндәк қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту, ою-өрнектегі түс үйлесімділігі мен ырғақты сезінуге, әсемділікті көріп, қабылдай білуге тәрбиелеу.	1	
4	«Киіз үй» «Ұлттық бұйымдар»	Киіз үй туралы мәлімет беру. Киіз үйдің құрылысымен таныстыру. Ойлау қабілеттерін арттыру. Дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді қолданып, шығармашылық деңгейлерін арттыру.	1	
5	«Жапырақ өрнегі» «Ұлттық қолөнер»	Өсімдік тектес өрнек түрлерімен таныстыру. Өрнектің қоршаған ортамен, табиғатпен байланысын түсіндіру арқылы эстетикалық талғамын кеңейту.	1	
6	«Қуыр-қуыр қуырмаш» ойыны «Ұлттық ойындар»	Балалардың ойлау қабілетін арттыру, дүниетанымын, қызығушылығын арттыру. Жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.	1	
7	«Бесікке салу»	Бала тәрбиесіне байланысты салт	1	

	«Салт-дәстүр»	– дәстүрлерді үйрету, топпен бірлесе қарым-қатынас жасауға дағдыландыру. Ой өрістерін кеңейту. Салт-дәстүрді қадірлеуге тәрбиелеу.		
8	«Қонақжайлылық» «Тәрбие бастауы»	Балаларға қонақ күту жайлы түсінік беру. Қонақжайлылыққа тәрбиелеу. Ересетермен өзара жағымды сыйластыққа тәрбиелеу.	1	
9	«Мұражайға саяхат» «Ұлттық киімдер»	Мұражайға саяхат жасау арқылы әр халықтың ұлттық киімінің өзіндік ерекшеліктерін ұғындыру.	1	
10	«Әжемнің сандығы» «Ұлттық бұйым»	Балалар бойына ұлттық сананы сіңіріп, халық мұрасын пайдалана отырып баланы қайырымдылыққа, бірлікке баулу. Шығармашылық деңгейлерін арттыру.	1	
11	«Сиқырлы қобдиша»» «Ұлттық қолөнер»	Ұлттық зергерлік жайлы білім беру. Қазақ халқының қолөнері туралы ұғымдарын кеңейту, әшекей бұйымдарға деген қызығушылықтарын арттыру.	1	
12	«Айгөлек» ойыны «Ұлттық ойындар»	Ұлттық ойын түрлерінің мазмұнын түсіндіре отырып, жарыс түрінде көрсетіп, қызығушылықтарын арттыру. Ойын барысында белсенді болуға ұмтылдыру.	1	
13	«Тұсау кесер» «Салт-дәстүр»	Бала тәрбиесіне байланысты салт – дәстүрлерді үйрету, топпен бірлесе қарым-қатынас жасауға дағдыландыру. Ой өрістерін кеңейту. Салт-дәстүрді қадірлеуге тәрбиелеу.	1	
14	«Менің отбасым» «Тәрбие бастауы»	Отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Отбасына деген жағымды қарым-қатынастарын дамыту. Отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	
15	«Оюлар сыры» «Ұлттық киімдер»	Ұлттық киімдердегі оюөрнектер жайлы білімдерін пысықтау. Бастырып салу әдісі арқылы қылқа-	1	

		лам және су бояумен, жапсыру іскерліктерін қалыптастыру.		
16	«Ұлттық аспаптар» «Ұлттық бұйымдар»	Балаларды қазақтың ұлттық аспаптарымен таныстыру және оларды ажыратып, айта білуге үйрету. Ұлттық аспаптардың әуендерін тыңдатып, ажырата білу дағдыларын қалыптастыру. Балаларға аспаптардың атауларын айтқыза отырып, есте сақтау қабілеттерін, сөздік қорын байытып, тілін дамыту. Қазақтың ұлттық өнеріне деген көзқарастарын кеңейту өз дәстүрін қастерлеуге тәрбиелеу. Шығармашылығын дамыту.	1	
17	«Кұрақ көрпе» «Ұлттық қолөнер»	Балаларды ою-өрнек түрлерімен таныстыру, ою-өрнек салу арқылы қолды жаттықтырып, халқымыздың асыл мұраларын, өнерін құрметтеуге, ұйымшылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	
18	«Асық ойнап өсеміз» «Ұлттық ойындар»	Бабаларымыздан келе жатқан ойын туралы түсінік беріп, қызығушылық ояту. Асық ойнату арқылы дәлдікке, ептілікке және жеңіске деген құштарлыққа, әділдікке баулу.	1	
19	«Баланы атқа мінгізу» «Салт-дәстүр»	Ұлттық әдеп-ғұрып, салт-дәстүр туралы түсініктерін кеңейту. Қазақтың салт-дәстүрі «Атқа мінгізу» туралы түсінік беру. Балалардың қызығушылығын арттыру,	1	
20	«Қазақстан-менің Отаным!» «Тәрбие бастауы»	Меелекеттік рәміздермен таныстыру. Жас ұрпақты Отанын сүйуге, еліміздің рәміздерін, бай - қуатты ел екендігін мақтан етуге үйретіп, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Шығыршық дөңгелектер жасауға үйрету. Түстерді дұрыс ажыратуға үйрету.	1	
21	«Әжемнің камзолы»	Балаларды қазақтың ұлттың	1	

	«Ұлттық киім»	киімі - камзолмен таныстыру. және оны ою-өрнектермен әшекейлей білуге үйрету. Балаларды өрнектерді дұрыс орналастыра білуге жатттықтыру, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу.		
22	«Ғажайып кілемше» «Ұлттық бұйымдар»	Балалардың ұлттық ою- өрнектер мен қолөнері туындылары туралы білімдерін пысықтау. Түрлі сызықтар мен ою -өрнектердің жалғасын есте сақтау.	1	
23	«Сәнді орамал» «Ұлттық қолөнер»	Ұлттық ою-өрнек түрлерін ажыратудағы білімін арттыру. Балалардың геометриялық пішіндер мен түстер жайлы білімдерін бекіту, түсті таңдай білуге үйрету.Ұлттық өнермен қатар басқа ұлттың өнеріне тәрбиелеу.	1	
24	«Теңге ілу» «Ұлттық ойындар»	Ұлттық ойындардар арқылы балалардың танымдық деңгейлерін арттыру. Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын тудыру. Жылдамдыққа, ептілікке баулу.	1	
25	«Наурыз келді, алақай!» «Салт-дәстүр»	Балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау, мейрімділікке тәрбиелеу. Қазақтың ұлттық салт – дәстүрімен кеңірек таныстыру, әртүрлі ұлттық тағамдары арқылы танымдығын дамыту.	1	
26	«Мен ертегі айтамын» «Тәрбие бастауы»	Ертегіні айта отырып рөлмен ойнау, ойын арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ертегі мазмұны арқылы еңбек сүйгіш-тікке, адал достыққа тәрбиелей отырып жаңа технологияны игерту.	1	
27	«Сақина тастау, саусақ сыры» «Ұлттық ойындар»	Ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Балаларды жылдам қозғалуға, шапшаң қимылдауға, зеректікке баулу. Тақпақтарды, жатқа айтуға	1	

		үйрету. Шығармашылыққа баулу.		
28	«Әшекейлі кесе» «Ұлттық бұйым»	Балаларды ұлттық ыдыстардың бір түрі кесені бақылап, дәстүрден тыс-әдістәсілдерді қолдану арқылы өз ойларын жеткізу. Ұлттық өнермен қатар басқа ұлттың өнеріне тәрбиелеу.	1	
29	«Ерден атайдың өрнегі» «Ұлттық қолөнер»	Балалардың ой – қиялдарының, шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал ету. Көркемдік іс - әрекетке тәрбиелеу. Жануар пішіндес өрнек түрін жетік меңгеру.	1	
30	«Қыз қуу» «Ұлттық ойындар»	Қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын барысында жылдамдық, ептілік, шыдамдылықтарын игерту. Достыққа, татулыққа тәрбиелеу.	1	
31	«Салт-дәстүрді сыйлаймыз!» «Салт-дәстүр»	Көп ұлтты Қазақстан халқының татулықпен, бірлікпен өмір сүріп жатқаны жайлы ойларын дамытып, өзге ұлт өкілдерін құрметтей білуге тәрбиелеу.	1	
32	«Төлдер айтысы» «Тәрбие бастауы»	Балалардың төрт түлік мал туралы түсініктерін кеңейте отырып, халқымыздың төрт түлікті дәріптеген ертегілер, арқылы танымын байыту.	1	
33	«Сәукеле» «Ұлттық киім»	Шығармашылыққа баулу. Балалардың ұлттық киімдер жайында білімдерін пысықтау. Ұлттық киімдердің басқа ұлттардың киімдерден ерекшелігіне тоқталу. Сәукелені өрнектермен әшекейлеуді үйрету.	1	
34	«Сырмақ» «Ұлттық бұйымдар»	Балалардың ұлттық ою- өрнектер мен қол өнері туындылары туралы білімдерін пысықтау. Оюдағы өрнекерді анықтай алу іскерлігін бекіту.	1	
35	«Табақты ою-өрнекпен безендіру»	Табақты ою - өрнекпен әшекейлеуге үйрету. «Қошқар мүйіз»,	1	

	«Ұлттық қолөнер»	«қызғалдақ гүл» ою – өрнектің орналасуы, халық тың ұлттық шеберлердің түстерін қолдануға үйрету. Балалардың қызығушылығын арттыру. Байқампаздығын, ойлау қабілеттерің, тілдерің дамыту. Тиянақтылыққа тәрбиелеу.		
36	«Итеріспек» ойыны «Ұлттық ойындар»	Ұлттық ойын түрлерінің мазмұнын түсіндіре отырып, жарыс түрінде көрсетіп, қызығушылы-тарын арттыру. Өзге елдің ойын түрімен ұқсастығын сипаттау.	1	

Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің санаторлық және жалпы дамулық типті
«Золотой ключик» бөбекжай – балабақшасы МКҚК



Оқу жоспарына сәйкес 3-4 жастағы балаларға арналған
«Салт-дәстүрің- салтанатың» атты балаларға арналған
дамытушы компонентінің бағдарламасын әдістемелік қамту

